

БӨЛІМ: ЖАҢАЛЫҚТАР

«ЛАТЫН графикасына көшу» «LATYN grafikasyna kóshý»ЖАРИЯЛАНДЫ
24.10.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/45544/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

«Үштөбе ЖББТМ (РО)»КММ 2018-2019 оқу жылында шығармашылық зертхана бойынша «Латын графикасына көшу» туралы ақпарат.

« Латын графикасына көшу» жобасы қыркүйек айында құрылып,қазан айында түсіндірме дәріс сағаттары жүргізілуде, қазақ тілін латын жазуына көшіру елімізді дамытудың стратегиялық жоспарларына сәйкес келетінін, еліміздің және әрбір қазақстандықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыратынын дәлелдеу, мұғалімдерге латын графикасына негізделген жаңа әліпби бойынша тіл дыбыстарының жазылуын үйрету,сауатты жазуға баулу, бұл жоба бағдарламасы төрт бөліктен құралған жазылым,айтылым,оқылым және тыңдалым. Құрылған бағдарлама жоспары бойынша түрлі іс-шаралар латын таңбасында өткізілетін болады. Осы оқытылған «Латын графикасы» нәтижесінде білім алған ұстаздар сабақтан тыс қосымша сынып сағаттарында сынып жетекшілер өз тараптарынан сынып оқушыларымен дөңгелек үстел ұйымдастырып, латын таңбасын қолдану арқылы кітапшалар ақпаратты насихаттау топтары мектебімізде белсенді түрде іс-шараларға ат салысатын болады. «Латын графикасына көшу» жобасын құрған қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімі Зиядина Айнур Сериковна . Балқаш қаласынан келген маман бірден мектебімізге келе салып, «Латын графикасына көшу» жобасын ұсынып, өз әріптестеріне қазан айынан бастап түсіндіру сабағын өткізді. 2018 жылдың 17 қазан айында «Үштөбе ЖББТМ (РО)» КММ-де қазақ тілінің әліпбиін латын графикасына көшіруді насихаттау мақсатында мұғалімдер арасында «Латын графикасына көшу»атты сайыс сабақ өткізілді. Қазақ әліпбиінің тарихы туралы, ақпараттық технологияның алар орны, маңыздылығы жайлы ақпарат берілді. Сабақта мұғалімдер өзара топқа бөлініп, берілген сөздер мен сөз тіркестерін жаңа әліпбиді қолдана отырып, жазбаша жазу практикасын қолдану арқылы сайысқа түсті. Сабақтың қорытындысында латын қаріпін меңгерудің, оқып-

үйренудің қиындық туғызбайтыны жайлы түсінік берілді. Латын қарпіндегі әліпбиді практикалық түрде таныстырып, жаттығуларға арналған кітапшаларын ұсынды. Мұғалімдер кириллица жазуын латын әліпбиінде жазып көрсетті. Нәтижесінде, мұғалімдер тез арада меңгеріп кететіндіктерін байқатты. 2019 жылдың қаңтар айынан бастап оқушыларды оқыту жұмыстары жүргізілетін болады. Сабақ соңында, мұғалімдер тарапынан бірнеше сұрақтар қойылып, мұғалімдер жауаптар алынды.

«Úshtóbe JBBTM (RO)» KMM 2018-2019 oqú jylynda shyǵarmashylyq zerthana boıynsha «Latyn grafikasyna kóshý» týraly aqparat.

« Latyn grafikasyna kóshý» jobasy qyrkúiek aynda qurylyp, qazan aynda túsindirme dáris saǵattary júrgizilýde, qazaq tilin latyn jazýyna kóshirý elimizdi damytýdyń strategıialyq josparlaryna sáikes keletinin, elimizdiń jáne árbir qazaqstandyqtyń básekege qabiletiligin arttyratynyn dáleldey, muǵalimderge latyn grafikasyna negizdelgen jańa álipbi boıynsha til dybystarynyń jazylýyn úiretý, saýatty jazýǵa baýly, bul joba baǵdarlamasy tórt bólikten quralǵan jazylım, aitylym, oqylym jáne tyńdalym. Qurylǵan baǵdarlama jospary boıynsha túrli is-sharalar latyn tańbasynda ótkiziletin bolady. Osy oqytlǵan «Latyn grafikasyna» nátijesinde bilim alǵan ustazdar sabaqtan tys qosymsha synyp saǵattarynda synyp jetekshiler óz taraptarynan synyp oqýshylarymen dóńgelek ústel uıymdastyryp, latyn tańbasyn qoldaný arqyly kitapshalar aqparatty nasihatay toptary mektebimizde belsendi túrde is-sharalarǵa at salysatyn bolady. «Latyn grafikasyna kóshý» jobasyn qurǵan qazaq tili men ádebiet pán muǵalimi Zıadına Aınır Serikovna . Balqash qalasyнан kelgen maman birden mektebimizge kele salyp, «Latyn grafikasyna kóshý» jobasyn usynyp, óz áriptesterine qazan aıynan bastap túsindirý sabaǵyn ótkizdi. 2018 jyldyń 17 qazan aynda «Úshtóbe JBBTM (RO)» KMM-de qazaq tiliniń álipbiin latyn grafikasyna kóshirýdi nasihatay maqsatynda muǵalimder arasynda «Latyn grafikasyna kóshý»atty saıys sabaq ótkizildi. Qazaq álipbiiniń tarihy týraly, aqparattyq tehnologiıanyń alar orny, mańyzdylyǵy jaily aqparat berildi. Sabaqta muǵalimder ózara topqa bólinip, berilgen sózder men sóz tirkesterin jańa álipbidi qoldana otyryp, jazbasha jazý praktikasyn qoldaný arqyly saıysqa tústi. Sabaqtyń qorytyndysynda latyn qaripin meńgerýdiń, oqyp-úirenydiń qıyndyq týǵyzbaıtyny jaily túsiniк berildi. Latyn qarpindegi álipbidi praktikalyq túrde tanystyryp, jattyǵylarǵa arnalǵan kitapshalaryn usyndy. Muǵalimder kirillitsa jazýyn latyn álipbiinde jazyp kórsetti. Nátijesinde, muǵalimder tez arada meńgerip ketetіндіктерін байқатты. 2019 jyldyń qańtar aıynan bastap oqýshylardy oqytý jumystary júrgiziletin bolady. Sabaq sońynda, muǵalimder tarapynan birneshe suraqtar qoiylyp, mardymdy jaıaptar alyndy.